

## «ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ» КеАҚ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ

### Баспасөз мәліметі

## Қор шағымдарды қабылдау тәртібіндегі өзгерістер туралы хабарлайды

Денсаулық сақтау министрлігінің 2026 жылғы 13 наурыздағы №132 бұйрығымен 2020 жылғы 8 қазандағы №648 «Біртұтас медициналық ақпараттық call-орталығының қызметін ұйымдастыру ережелері мен оның регламентін бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізілді.

Бұл өзгерістер 1414 байланыс орталығы арқылы медициналық көмек сапасына қатысты шағымдарды қабылдау функциясын алып тастау жолымен азаматтардың жеке деректерін қорғау деңгейін қамтамасыз ету және дәрігерлік құпияны сақтау талаптарын орындау

*Официальный сайт – https://msqory.kz/ru/*
*Youtube-канал – https://www.youtube.com/@msqory\_kz*
*Telegram-канал – https://t.me/medsaqtandyru*
*Facebook – https://www.facebook.com/msqory/*
*Instagram – https://www.instagram.com/msqory\_kz/*

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

## Зейнетақы жинақтарының кесте бойынша төлемдері: қашан және қайда жүгіну керек?

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес «БЖЗК» АҚ-дан (БЖЗК, Қор) белгіленген кесте бойынша ай сайынғы зейнетақы төлемдері зейнет жасына толған адамдарға (ерлер – 63 жас, әйелдер – 61 жас), сондай-ақ мерзімсіз уақытқа белгіленген І немесе ІІ топтағы мүгедектігі бар, БЖЗК-да зейнетақы жинақтары бар адамдарға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

**Зейнет жасына жетуіне байланысты зейнетақы жарналарының міндетті түрлері есебінен БЖЗК-дан зейнетақы төлемдерін,** сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен базалық және ынтымақты зейнетақы тағайындау үшін алушылар тұрғылықты жері бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына (ХКҚО) уақытлы жүгінуі қажет. Мұны зейнет жасына дейін 10 күн қалғанда жасауға болады. Зейнетақы төлемдерінің барлық түрлері **өтініш берілген күнінен бастап жүргізіледі.** Егер алушы өтініш берген күні зейнет жасына толып қойған болса, өтініштің және жақетті құжаттардың ХКҚО-ға тіркелген күні өтініш берілген күн болып есептеледі. Ал азамат зейнетақы төлемін алуға зейнет жасына толғанға дейін, ертерек жүгінген болса, зейнет жасына толған күн – өтініш берілген күн болып есептеледі. Өткізіп алған уақыт үшін мемлекеттік бюджеттен, сондай-ақ БЖЗК-дан зейнетақы төлемі тағайындалмайтынын есте ұстаған жөн.

**Сондай-ақ, бюджеттен зейнетақы төлемдерін ресімдеу үшін де уақытылы жүгіну маңызды,** өйткені оларды тағайындау үшін алушы ұсынған құжаттар бойынша еңбек өтілін тексеруі қажет.

Айта кету керек, БЖЗК-дан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша белсенді қызмет көрсету мақсатында зейнет жасына толған, БЖЗК-да зейнетақы жинақтары бар, бірақ зейнетақы төлеміне өтініш бермеген тұлғалар бойынша Қор жыл сайын Мемлекеттік корпорациямен бірлесіп осы азаматтардың жасына байланысты тағайындалған зейнетақы төлемдерінің және бюджет есебінен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерінің болуы тұрғысынан салыстырып тексеруді жүргізеді. Жыл сайынғы салыстырып тексеру нәтижелері бойынша бюджет қаражаты есебінен тағайындалған зейнетақы төлемдері бар адамдар анықталған жағдайда, БЖЗК алушыларға мемлекеттік корпорациямен жасасқан тиісті келісім шеңберінде жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау кезінде ХКҚО-ға ұсынған банктік деректемелері бойынша зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру проактивті (өтінішсіз) қызметін көрсетеді.

**Бірінші немесе екінші топтағы мүгедектіктің мерзімсіз уақытқа белгіленуіне байланысты зейнетақы жинақтары төлемін алу үшін** БЖЗК бөлімшелеріне не электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, БЖЗК сайтындағы (enpf.kz) немесе мобильді қосымшасындағы жеке кабинет арқылы жүгіну қажет.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ТНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сеймсерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкілерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұтымды аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтеміңі талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысанылы активтер мен нысанылы талаптарды есепке алуды, нысанылы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗК» АҚ баспасөз орталығы

## ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТЕДІ

«Neogen Energy Development» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес 13.05.2026 жылы сағат 11:30-да Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор поселкелік округі, Доссор кенті, Мәдениет үйі ғимараты, Г.Сүлейменова көшесі, 39 мекен-жайы бойынша ашық жиналыс форматнда «Neogen Energy Development» ЖШС-нің келісімшарт аумағында көмірсутектерді барлау жұмыстарының жобасына қосымшаға ықтимал әсерлер туралы есеп (2023 жылғы 14 желтоқсандағы №5298-КС келісімшартына сәйкес) бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Әсер ету аймағының географиялық координаттары: 47°58'15"СЕ, 53°06'05"ШБ 48°01'15"СЕ, 53°06'05"ШБ 48°01'15"СЕ, 53°09'10"ШБ 47°58'15"СШ, 53°09'10"ШБ. ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы қосылу үшін шақыру сілтемесі: https://us06web.zoom.us/j/9840787984?pwd=n5SHaCvuy7CvOWjdtZlHkmQoqFvFvPG.1

Конференция идентификаторы: 984 078 7984
Қатынас коды: 123456

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша 87024190246 телефонына хабарласуға болады.

Бастамашының реквизиттері мен байланыс деректері: «Neogen Energy Development» ЖШС, БСН 230640003508,

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Karabatan Utility Solutions» ЖШС 2026 жылғы 15 сәуірден бастап 5 жұмыс күні ішінде «Атырау облысы (Қарабатан учаскесі) «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» АЭА инфрақұрылым объектілерін сұра. Сыртқы сумен жабдықтау, 2-кезек» жұмыс жобасының ҚОӨБ (қоршаған ортаға әсерді бағалау) бөлімі бойынша жария талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жобалық құжаттамамен танысу және ескертулер мен ұсыныстар беру үшін https://ndbecology.gov.kz/ ақпараттық

мақсатында жүргізілді.

Азаматтар медициналық көмек сапасына қатысты шағымдарын келесі цифрлық қызметтер арқылы жолдай алады:

– Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының ресми сайты – msqory.kz;

– Qoldau 24/7 мобильдік қосымшасы.

Бұл ретте азаматтарға ТМҚКК және МӨМС жүйесі аясында медициналық көмек алу мәселелері бойынша консультациялар 1414 байланыс орталығы арқылы бұрынғы тәртіпте жүргізіледі.

## «Атырау облысы Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ «Махамбет ауданы, Алға ауылында 280 орындық балабақшаның құрылысын салу» нысанының техникалық қадағалау қызметін көрсету бойынша ашық конкурс өткізілетіндігін хабарлайды (қайта)

Құжаттарды қабылдау мерзімі: 2026 жылғы 13 сәуір, сағат 12:00-ге дейін.
Конкурстыққұжаттардыкелесі

мекен-жай бойынша алуға болады:

Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, «Атырау облысы Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ.
Байланыс телефондары: 8 (7122) 35-49-57, 95-66-64, ішкі тел.: 174.

## Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің Атырау облысы бойынша 2026 жылғы 1 ақпандағы негізгі көрсеткіштері

**Жеке зейнетақы жинақтарының көлемі**

2026 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Атырау облысы бойынша салымшыларының жеке зейнетақы шоттарындағы (ЖЗШ) зейнетақы жинақтарының көлемі 1,17 трлн. теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 9,62%-ға өскен.

2026 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша ЖЗШ-ға: міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен – 1,132 трлн. теңге (2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 9,7%-ға жоғары), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен – 35,5 млрд. теңге (7,52%-ға өскен), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен – 197 млн. теңге (22,9% өскен) тұста.

Сонымен қатар 2026 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) есебінен жинақ көлемі – 38 млрд. теңге.

**Жинақтаушы зейнетақы шоттарының саны**

2026 жылдың 1 ақпанында Атырау облысы бойынша БЖЗК-дағы зейнетақы шоттарының жалпы саны – 433 402 (бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 0,31% өсті), оның ішінде: МЗЖ бойынша – 384 381, МКЗЖ бойынша – 30 886, ЕЗЖ бойынша – 18 155.

Ал ҚР заңнамасына сәйкес келіп тұрған ЖМЗЖ туралы мәліметтер ескерілетін шартты зейнетақы шоттарының саны – 213 751.

**Төлемдер мен аударымдар**

Атырау облысы бойынша 2026 жылдың қаңтар айында БЖЗК-ға жиналған жарналардың барлық түрлері есебінен жасалған төлемдер мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар 7 млрд. теңгені құрады. Бұл бытырғы жылдың тиісті кезеңінде жасалған төлемдер көлемінен 28,6% төмен.

2026 жылдың қаңтар айында біржолғы зейнетақы төлемдері – 2,51 млрд. теңгені құрады, оның ішінде Атырау облысы тұрғындары 2,47 млрд. теңгені тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және 45 млн. теңгені емделу мақсатында пайдаланған.

2026 жылдың қаңтар айында БЖЗК-дан жүзеге асырылған төлемдер:

– сақтандыру ұйымдарына зейнетақы аннуитеті бойынша –2,48 млрд. теңге аударылды (бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 53% өсті);

# Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлық мәселесі негізгі проблема-лармен қатар өткір түр. Сыбайлас жемқорлық – бұл үнемі мұқият зерделедуді, жүйелі зөкқарасты және жедел қарсылықты қажет ететін қазіргі қоғамның жағымсыз құбылысы. Еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың деңгейі мен ауқымы экономикалық дамуды тежейді, инвестициялық ахуалға теріс әсер етеді және еліміздің имиджін төмендетеді.

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлық пробле-масы кез-келген мемлекетте орын алған. Оның мүлдем жоқтығын айта алатын елдер әзірге жоқ. Қазір барлық елдер, соның ішінде ең озық деген елдер, жаңа сын-қатерлерді ескере отырып, сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті қатандату туралы қатаң заңдар мен нормалар қабылдауда. Сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуына кері әсер ететін ең қауіпті әлеуметтік құбылыстардың бірі болып табылады. Ол мемлекеттің беделіне нұқсан келтіріп, халықтың билікке деген сенімін әлсіретеді. Сондықтан «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» қағидасы әрбір азаматтық өмірлік ұстанымына айналуына тиіс.

Жемқорлық – бұл қызметтік өкілеттікті жеке

**Ж.Б.ОРЫНБАСАРОВ,**

**Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Атырау облысы бойынша департаментінің бас маманы**

## Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы жанынан құрылған конкурстық комиссия Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Құрманғазы аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына байқау кеңесі мүшелігіне іріктеу жариялайды

Конкурс 2026 жылғы 11 мамыр сағат 11.00-де Атырау облысы, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, облыс әкімдігі ғимараты, №330 кабинетте өткізіледі.

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Құрманғазы аудандық ауруханасы» ШЖК КМК-ның орналасқан орны: Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Құрманғазы ауылдық округты, Құрманғазы ауылы, Шафхат Бекмұхамедов көшесі, 9 үй, телефон: 8 (71233) 2 05 81.

«Құрманғазы аудандық ауруханасы» ШЖК КМК-ның басты негізгі қызметі болып мемлекеттік лицензия мен оның қосымшаларына сәйкес амбулаторлық-емханалық, бастапқы медициналық-санитариялық және консультативті-диагностикалық, стационарлық, стационар алмастыратын және жедел медициналық көмек көрсету табылады.

Байқау кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінің:

1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (не-месе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;

2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (не-месе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (не-месе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Мынадай:

1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;

2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;

3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық

– зейнет жасына толуына байланысты – 894,9 млн. теңге (21%-ға өсті);

– мұрагерлік бойынша – 965,9 млн. теңге (136% өсті);

– ҚР-нан тыс тұрақты тұруға кетуге байланысты – 74,9 млн. теңге (317%-ға өсті);

– жерлерге арналған төлемдер – 32,2 млн. теңге (19,3%-ға төмендеді);

– мүгедектігі бар тұлғаларға – 19,9 млн. теңге (6,7% өсті).

**«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы**

2025 жылғы 1 ақпан мен 2026 жылғы 1 ақпан аралығында жалпы сомасы 1 654,4 млн АҚШ долларын (өтініш берушілердің банктік шоттарына аудару үшін уәклетті операторларға аударылды) құрайтын 10 600 өтініш орындалды.

Олардың ішінде:

– тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында – 1 148,6 млн. АҚШ доллары сомасына 7 360 өтініш;

– бітім алу ақысын толеу үшін 505,7 мың АҚШ доллары сомасына 3 240 өтініш орындалды.

**Фиалилдың басқа қызметтері**

2026 жылдың қаңтар айында жүзбе-жүз 3 626 қызмет көрсетілді (бұл бытырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 146,5%-ға өсті), қашықтықтан кеңес беру арналары арқылы 851 қызмет көрсетілген (68,9%-ға төмендеді).

Зейнетақы жүйесіндегі барлық өзгерістер бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысы шеңберінде 2026 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша филиал 268 таныстыры-лу өткізді (бұл бытырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 35,4%-ға өсті), оған 6 294 адам қатысты (43,8%-ға өсті).

**Қорға хабарласу жолдары**

БЖЗК-ның қашықтықтан кеңес беру қызметтерін мессенджерлер (+7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боттары) арқылы, 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығынан (Қазақстан бойынша қонырау шалу тегін), enpf.kz корпоративтік сайтынан, сондай-ақ, Instagram, Facebook, ВКонтакте, X(Twitter), Telegram, Одноклассники сияқты әлеуметтік желілердегі БЖЗК-ның ресми парақшаларынан алуға болады.

**«БЖЗК» АҚ Атырау облыстық филиалы**

бас пайдасы үшін пайдалану. Мұндай әрекеттер қоғамда әділетсіздік тудырып, заңның үстемдігін әлсіретеді. Жемқорлық орын алған жерде адал еңбек, шынайы бәсекелестік болмайды. Қазақстан жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты болып табылады. Арнайы заңдар қабылданып, түрлі бағдарламалар жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптар күшейтіліп, ашықтық пен есептілік принциптері енгізілуде. Жемқорлықпен күресте тек мемлекеттік орган-дар ғана емес, әрбір азамат белсенді болуы қажет. Пара бермеу, заңды сақтау, әділдікке ұмтылу – бұл әр адамның азаматтық борышы. Қоғамда адалдық мәдениетін қалыптастыру – жемқорлықты жоюдың ең тиімді жолдарының бірі. Жалпы айтқанда, егер сіз әлемді өзгертіңіз келсе, өзіңізді өзгертіңіз. Бұдан шығатыны, егер әрбір азамат әрқашан өзінен бастаса, мысалы, өз міндеттерін адал және әділ орындаса, онда сыбайлас жемқорлық азаяды. Қорытындылай келе, әр адам өз ісіне жауапкершілікпен қарап, заң талаптарын сақтаса, әділ әрі дамыған қоғам құруға болады. Болашағымыз жарқын болуы үшін «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» деген ұстанымды берік сақтауымыз керек.

**Ж.Б.ОРЫНБАСАРОВ,**

**Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Атырау облысы бойынша департаментінің бас маманы**

қатынастағы адамды байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

Конкурсықа қатысуға ниет білдірген тұлғалар 2026 жылғы 8 мамырда сағат 18.00-ге дейін комиссияға Атырау облысы, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, облыс әкімдігі ғимараты, №328 бөлмеге келесі құжаттарды тапсыру керек:

1) конкурсықа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
2) казак және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;

6) ҚР Еңбек кодексінің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмелері;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсықа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арт-тыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияла-нымдар, алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

Конкурстық ұсыным салынған конверт Қазақстан Республікасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №113 «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесін құру қағидаларын, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ Байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының талаптарына сай ресімделуі тиіс.

**Қосымша ақпараттарды мына телефоннар бойынша білуге болады: 8 (7122) 27 09 14.**